Шығыс № 36
«16» 04 2021 жыл

«Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік
аудит комитетінің Алматы қаласы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаменті» РММ
«ЕрК Астана» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігінің директоры
Х.А. Абжановтан
БИН 050140020244
Тел: 87759000085

«ЕрК Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы 03 наурыздағы **№ 5537290-1** «Қарасай батыр көшесі бойындағы Қалдаяқов көшесінен Зенков көшесіне дейінгі "Медецинских работников" аллеясын ағымдағы жөндеу конкурсына қатысқан болатын. Ұйымдастырушы "Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидасының 150 тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 27-бабына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасын қалыптастыру барысында **«ЕрК Астана»** ЖШС-ның тарапынан салынған құжаттарды біліктілікке сәйкес немесе сәйкес емес екендігін тексермей, аталған конкурстан негізсіз шектетілген. 2021 жылдың 08 сәуіріндегі алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес, құжаттарды толықтыруға жіберілген болатын. 2021 жылдың 14 сәуіріндегі қорытынды хаттамасына сәйкес, ұйымдастырушы толықтырылған құжаттарды тексерместен, негізсіз шектетті. Атап айтсақ;

- Өндірістік базасы Алматы қаласында орналасуы қажеттігін көрсеткен. Ал, біліктілік талаптарына сәйкес, өндірістік базасы Алматы қаласының маңында орналасуы қажет екендігі көрсетілмеген.

- «Каз Авто Жол» ЖШС–мен техникаларды жалға алу келісім шарты жарамсыз делінген. Бірақ, техникаларды жалға алу келісім шарты «Тараз Энерджимен» жасалып, конкурсқа салынған.

- «ЕрК Астана» ЖШС-да жұмыс атқаратын арнайы білімі бар жұмысшылардың арнайы құжаттары және жүргізушілердің көлік жүргізу құжаттары жоқ деп көрсеткен. Алайда, конкурсқа қатысу барысында біліктілік талапқа сәйкес, барлық жұмысшылардың құжаттары, келісім шарттары, сертификаттары, дипломдары толықтай салынған. Сонымен қатар, жұмысты сапалы атқару үшін барлық қажетті техникалар толығымен көрсетілген.

Сондай-ақ, жеңімпаз **«Smarts Stroy Group»** ЖШС-ның біліктілік талаптарына сәйкес, бірде бір дәлелдеме құжаттары көрсетілмеген. Сол себепті біліктілік талаптарына мүлдем сәйкес келмейді.

Сонымен қатар, конкурсқа қатысушы ЖШС "Капитал Строй Проект групп", ЖШС "Диарама-Актобе", ЖШС "НиКонстрой", ЖШС "САГА Construction", ЖШС "DM-Stroy Company", ЖШС "РОНАС", ЖШС "OLBEK TRANS-1", ЖШС "BUMMER Engineering", ЖШС "СК СтарВэй", ЖШС "АльянсКомСтрой", ЖШС "Серік бизнес құрылыс" "МТС-Актау", ЖШС "Кернеу-К" өнім берушілері біліктілік талаптарына сәйкес келмейді. Аталған ЖШС-лардың арнайы техникалары және жұмысшы мамандардың жетіспеушілігінен жұмысты толыққанды орындауға кедергі келтіреді және жұмысты сапасыз орындауға жол береді. Осыған байланысты, ұйымдастырушы тарапынан қорытынды нәтижесінің хаттамасын қайта қарауды сұрайды.

«ЕрК Астана» ЖШС директоры **Х. Абжанов**